



**Қазақ хандығының  
XVI-XVII  
ғасырлардағы дамуы**

**Қасым хан**



**Хақназар хан**



**Тәуекел хан**




**Есім хан**



**Тәуке хан**





**Қасым хан**  
**(1511-1518 жж.**  
**( 1526ж.)**

**Қасым ханның тұсында Қазақ мемлекетінің өрлеуі.** Жәнібек пен Керей хандардан кейін Қазақ хандығының тағына Керейдің ұлы Бұрындық (1474-1511жж.) отырды. Бұрындық хан Сырдария бойындағы қалаларды Қазақ хандығына қаратуға ерекше күш салады. Алайда ханның ел ішінде беделі болмағандықтан Самарқанға көшіп кетті. Бұрындықтың кезінде оның әскер қолбасшысы болған Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан 1511 жылдан бастап хандық билікті өз қолына алды.



**Қасым ханның (1511-1523 жж.)** тұсында **қазақ** хандығының саяси және экономикалық жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (**Шу, Талас, Қаратал, Іле** өлкелері) қарады.

Қасым ханның тұсында **Орта Азия, Еділ** бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемлекетімен байланыс болды.

### **Қасым ханның заңдары.**

Қасым хан мемлекеттің қоғамдық өмірінде қарама-қарсы қайшылықтарды болдырмау үшін бір қатар заңдар шығарды. Оның заңдары “Қасым ханның қасқа жолы” деген атаумен осы күнге дейін ел аузында айтылып келеді. Бұл заң жазбаша түрде сақталмаған. Қасым хан Қазақ хандығының қоғамдық өміріне лайықсыз ескі заңдарды алып тастап, сол кездегі заманның талабына сай, жаңа құқықтық заңдар шығарған.

Қасым сол бойынша мемлекеттік билік жүйесін орнықтырып, күшті мемлекет құрды. Бұл заң қазақтың от ауызды, орақ тілді, елге сыйлы билерінің ықпалымен халықтың ерте заманнан ұстанып келген «Жарғы» заңын күшейткен.

**Соңғы кездегі ғылыми зерттеулерге қарағанда бұл заңға мына ережелер енген:**

- ❖ **Мүлік заңы** ( жер дауы, мал-мүлік дауы);
- ❖ **Қылмыс заңы** (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық істеу);
- ❖ **Әскери заң** (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазаң, ердің құны, тұлпар ат);
- ❖ **Елшілік жоралары** (майталман шешендік, халықаралық қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық);
- ❖ **Жұртшылық заңы** (үшлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл).

**Қасым ханның ішкі саясаты.** Хан өзінің қасқа жолымен ел ішіндегі жағдайды түзеп, мемлекетті басқаруды күшейтіп алды. 16 ғасырдың басында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ жерінің айтарлықтай бөлігін өз қоластына қаратты. Бұл кезде қазақ хандығының шекарасы Оңтүстікте Сырдария алабын қамтып, Түркістан аймағындағы, Сырдария бойындағы қалаларды қосып алды. Оңтүстікте Шығыс Жетісу жерінің басым бөлігін өзіне қаратты.

Қасым хан тұсында қазақ хандығының саяси-әкімшілік және сауда экономикалық орталығы бастапқы кезде Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Қасым өмірінің соңғы кезінде Сарайшықта отырып, билік жүргізді.

**Қасым ханның сыртқы саясаты.** Қасым хан тұсында Қазақ хандығының нығайуы және оның күшеюі мемлекеттің беделін арттырып, сыртқы саясатта айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандығымен, Ресеймен сауда-саттық және дипломатиялық байланыстар жасалды. Қасым ханның сыртқы саясатының басты бағыты Сырдария бойындағы қалаларды қаратып алу жолындағы күрес болды. Бұл мақсатпен Қасым хан Мауараннахр билеушісі Шайбани ханмен және оның ұрпақтарымен тоқтаусыз соғыс жүргізді. Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығының экономикалық жағнан күшеюіне жол бермеуге ұмтылды. Шайбани хан алғаш экономикалық соққы беру үшін, екі ел арасындағы сауда байланысын үзіп, тоқтатуға тырысты. Мұхаммед Шайбани Сыр бойындағы қалаларды Қазақ хандығының қол астына түсірмеу үшін бірнеше рет қанды жорықтар жасады.



Қалалар үшін күрес ұзаққа созылды. Мұхаммед Шайбани қаза болғаннан кейін, оның ұрпақтары арасында хандық билікке өзара талас басталды. Осы жағдайда пайдаланған Қасым хан шабуылға шығып, Сайрамды өзіне қаратты.

Қасым хан тұсында Қазақтар өз алдына тәуелсіз, дербес мемлекет есебінде Орта Азия мен Шығыс Еуропаға белгілі болды.

16 ғасыр Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңі болды, жер көлемі ұлғайды, халқының саны артып 1 млн асқан.

Қасым ханның қайтыс болуымен, Қазақ хандығы 1520-1530 жылдары ауыр жеңілістерге ұшырады, 1532 жылы Тахир хан бауыры Тоғым ханмен бірге Орта Азия әміршісі Абд ар-Рашид ханмен шайқаста қаза тапты. Қазақ хандығы әлсірей бастады.

# Хақназар хан (1538-1580жж.)



## **Хақназар ханның аумағы: Сырдария, Арал маңы, Жетісу, Жайықтың сол жағалауы.**

Хақназар хан тұсында Қазақ хандығының күшеюі. Қасым хан қайтыс болған соң, Қазақ хандығында болған саяси дағдарыс ұзақ жылға созылды. Ішкі талас-тартыстар мен сыртқы феодалдық соғыстардың ауыртпалығы Қазақ хандығын біршама әлсіретті. Осындай саяси жағынан бастаған қазақ хандықтарын біріктіріп, Қазақ хандығының халықаралық жағдайын нығайтуға Қасым ханның баласы Хақназар хан зор үлес қосты.

Хақназар хан хан тағына отырысымен көршілес мемлекеттермен қарым-қатынысты күшейтуге көп күш жұмсады. Хақназар Батыстағы Ноғай Ордасымен, Оңтүстігінде Орта Азия халықтарымен, Солтүстігінде Сібір хандығымен, іргелес жатқан Шайбани әулетімен сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға қол жеткізді.

Қазақ хандығына қарайтын көшпелі ру-тайпалардың Еділ мен Жайықты жағалай жайлап, Қызыл құм мен Сыр бойына жайыла қыстауы да осы кезде басталды. Ол өзінің алдында билік еткен Тахир, Бұйдаш хандардың қателіктерін қайталамауға тырысқан.

Ел басқаруда сабырлық танытып, мемлекетінің пайдасы үшін дұрыс шешімдер қабылдап отырған. Хақназар хан елін-жерін сыртқы жаудың шабуылынан сақтауға, халқының бірлігін нығайтуға бар өмірін арнаған. Хақназардың билік еткен кезінде оның мемлекетті дұрыс басқара білуінің арқасында қазақ хандығының қуаты өсіп, саяси өрлеуі арта түсті.

## Хақназар ханның сыртқы саясаты

Хан өзінің сыртқы саясатында Моғол хандығымен, Ноғай ордасымен, өзбектермен, орыс мемлекетімен бейбіт қарым-қатынас жасауды өзінің басты міндеті санаған.

Моғолстан ханы Абд ар-Рашид Жетісу мен Ыстық көл аумағындағы жерлерді басып алу ниетімен 16 ғ. 50-60 жылдары Қазақ хандығына қарсы үлкен соғыс бастады. Оған қарсы күреске Хақназар хан қазақ-қырғыз одағының әскерлерін пайдаланған.

Жетісуға ойраттардың тонаушылық жорықтарының жиілеуі Жетісу қазақтарының жағдайын ауырлата түсті. Ойраттар Батыс Монғолияны мекендеген тайпа болған. Олар жоңғарлар деп те аталды. Моғол ханына қарсы соғыстардағы сәтсіздік пен ойраттардың шапқыншылық жорықтары салдарынан Хақназар хан Жетісудың біршама жерін уысынан шығарып алды. Дегенмен 1570 ж аяғында Жетісудың Батыс бөлігі Шу, Талас өңірі оның билігінде болған.

Ноғай Ордасын билеген маңғыт мырзаларының арасында билік үшін таласқан феодалдық қарқын үдей түскен. Бұл жағдай бұқара халықты қатты күйзелтіп жіберген.

Нәтижесінде Ноғай Ордасында жаппай наразылық туған. Ноғай Ордасы құлдырап, ауыр дағдарысқа тап болды. Қаңлылар, қыпшақтар, тағы басқа көшпелі тайпалардың көпшілігі Қазақ хандығына келіп қосылған.

Оларды Хақназар хан құшақ жая қарсы алды. Ноғай Ордасында қырқысқан екі топ пайда болды. Бір тобы Мәскеу кінәзіне қосылуды жақтаса, екінші тобы Қазақ хандығына қосылуды жақтаған.

Бұл жағдайды пайдаланған Хақназар хан Ноғай Ордасының көптеген ұлысын өзіне қосып алған. Сөйтіп Ноғай Ордасы 16 ғасырдың ортасында ішкі талас-тартыстан әлсіреп, мемлекет ретінде өмір сүруден қалған.